

"Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қантардағы № 122 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 10 маусымдағы № 265 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2019 жылғы 11 маусымда № 18828 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қантардағы № 122 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13418 болып тіркелді, 2016 жылғы 17 наурыздағы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) келесідей өзгерістер:

Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Экономиканың кадрларға болжамды қажеттілігін, оның ішінде салалық және өнірлік қажеттілігін, елдің индустриялық-инновациялық даму басымдықтарын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі (немесе) білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖОО) және ғылыми ұйымдардың ғылыми-педагогикалық кадрларға қажеттілігін ескере отырып, қалыптастырылған және білім беру бағдарламаларының топтары бойынша бөлінген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы ЖОО арасында конкурстық негізде орналастырылады.";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру конкурсына қатысу үшін жоғары оқу орындары білім беру саласындағы уәкілетті органға мынадай құжаттарды қамтитын конкурстық өтінімді ұсынады:

- 1) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы жоғары оқу орнының өтінімін;
- 2) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы жоғары оқу орнының сауалнамасын;
- 3) Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы жоғары оқу орнының ақпараттық картасын;
- 4) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы тиісті оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру ұсынысын.

ЖОО-лар ұсынған ақпараттық карталардың көрсеткіштері бойынша даулы мәселелер туындаған жағдайда осы Ереженің 28-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Комиссия растау құжаттарын сұратады.";

32-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ерекшелік лицензияны алғаш алған кадрларды даярлаудың жаңа бағытын, сондай-ақ экономиканың басым салалары бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау үшін жаңадан құрылған ЖОО-ны құрайды. Бұл ретте ЖОО-лардың тізбесін Комиссия айқындайды.";

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Комиссия бағалау негізінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы шешім қабылдап, мыналарды көрсетеді:

- 1) конкурс шарттары бойынша жоғары білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындарының тізбесі;
- 2) конкурс шарттары бойынша магистратурада кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындарының тізбесі, оның ішінде жеке ЖОО-лар үшін көлемі көрсетілген;
- 3) конкурс шарттары бойынша білім беру бағдарламалары тобының бөлінісінде, оның ішінде философия докторларын (PhD)/бейіні бойынша докторларды мақсатты түрде даярлау үшін көлемін көрсете отырып, докторантурада кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыратын базалық жоғары оқу орындарының тізбесі;
- 4) жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдерінде тыңдаушыларды оқыту үшін, оның ішінде тілдік дайындық деңгейін арттыру үшін көлемі көрсетілген мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындары;

5) конкурс шарттары бойынша білім беру бағдарламалары тобының бөлінісінде көлемі көрсетіле отырып, жоғары білімі бар педагог кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын педагогикалық жоғары оқу орындары.";

40-тармақ тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Конкурстық комиссия жұмысының нәтижелері бойынша Министрдің немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бекітіледі және білім беру саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурстарында жарияланады.";

44-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"44. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – ЖАО) жыл сайын ЖАО қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқыту конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау басталғанға дейін 5 (бес) күннен кешіктірмей жоғары оқу орындары арасында конкурс жариялады.";

көрсетілген қағидаларға 5-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидаларға 7-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидаларға 8-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидаларға 9-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидаларға 13-қосымша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Ф.Н. Жақыповаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрлігі

2019 жылғы 10 маусымдағы

№ 265 бұйрығына

1-қосымша

Еңбек нарығының

қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлар даярлауға, сондай-ақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі

білім беру ұйымдарында дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына

5-қосымша

Жоғары оқу орны өтінімінің нысаны

(жоғары оқу орнының бланкісінде толтырылады)

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптарды және конкурсты өткізу шарттарын зерделей отырып, _____

(жоғары оқу орнының атауы)

(білім беру бағдарламалары тобының коды, атауы)

білім беру бағдарламаларының тобы бойынша өтінімге енетін құжаттарға, сондай-ақ конкурстың шарттары мен талаптарына сәйкес

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі өткіzetін конкурсқа қатысады.

Қосымша: конкурсқа қатысу үшін құжаттар ____ бетте.

Ұйымның басшысы _____

(қолы, Т. А. Ә.)

Толтырылған күні
20 _____ жылғы "_____"
М.О.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2019 жылғы 10 маусымдағы
№ 265 бұйрығына
2-қосымша
Еңбек нарығының
қажеттіліктерін ескере отырып,
техникалық және кәсіптік, орта
білімнен кейінгі, жоғары және
жоғары оқу орнынан кейінгі
білімі бар кадрлар даярлауға,
сондай-ақ жоғары және (немесе)
жоғары оқу орнынан кейінгі
білім беру үйімдарында
дайындық бөлімдеріне, мектепке
дейінгі тәрбиелу мен оқытуға
мемлекеттік білім беру
тапсырысын орналастыру
қагидаларына
7-қосымша

Жоғары оқу орнының ақпараттық картасы

(жоғары оқу орнының атауы)

(білім беру бағдарламасы тобының коды, атауы)

№	ЖОО туралы жалпы мәліметтер	Көрсеткіштер
1	Халықаралық және (немесе) ұлттық институционалдық аккредиттеу	
2	ЖОО-ның халықаралық рейтингі (орны, рейтингінің атауы)	
3	Білім беру порталының болуы	
4	Оқу процесіне пайдаланатын оқу-зертханалық базаның жаңартылуы, тенге/келтірілген контингент	
5	Зерттеу институттарының, ғылыми және мамандандырылған зертханалардың, бизнес-инкубаторлардың, технопарктердің саны	
6	Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық активтердің, оның ішінде университеттер үшін 3 және одан көп, академиялар үшін 1 және одан көп, институттар үшін 1 және одан көп ауданы санитарлық нормаларға сай оқу орынжайларыменғимараттардың (оку корпустардың) болуы	
7	Қолданыстағы жатақханаларда төсек-орынның саны	
I	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тобы бойынша жалпы мәліметтер	
1	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді кадрлар даярлаудың бағыттары бойынша білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензияга қосымша	

2	Халықаралық және/немесе үлттық мамандандырылған аккредиттеу	
3	"Атамекен" ҮКП-ның білім беру бағдарламалары рейтингіне қатысусы (орын)	
4	Бітірушілердің жұмысқа орналасуы, жұмысқа орналасқан бітірушілердің %-ы	
5	Білім алушылар контингенті	
6	Күндізгі бөлімде білім алушы студенттердің контингенті	
II	Кадрлық қамтылуы және педагог қызыметкерлердің біліктілік деңгейі	
	Штаттық оқытушылардың жалпы саны:	
	ғылым докторлары	
1.1	PhD докторлар	
	ғылым кандидаттары	
	магистрлер	
	/оның ішінде білім беру бағдарламасы бойынша (саны)	
	ғылым докторлары	
1.2	PhD докторлар	
	ғылым кандидаттары	
	магистрлер	
1.3	Ағылшын тілін игерген (деңгейі кемінде 4,5 (IELTS)) бейіндік пәндер бойынша ОПҚ саны	
2	ЖОО-да академиялық кезеңнен кем емес мерзімде шарт бойынша жұмыс істейтін шетелдік оқытушылардың саны	
3	мамандық бойынша ОПҚ, дәрежелілік %-ы	
4	Білім беру бағдарламаларының тобы бойынша бейіндік пәндердегі ОПҚ дәрежелілік %-ы	
III	ОПҚ ғылыми-зерттеу қызыметі	
1	Гранттық және бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру негізінде іргелі зерттеулер/ қолданбалы зерттеулер бойынша орындалатын ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар/ жобалар саны	
2	ОПҚ орындаған ғылыми-зерттеу жұмыстарының жалпы көлемі (тенгемен)	
2.1	/ оның ішінде 1 штаттық ОПҚ-га (тенгемен)	
	ОПҚ ғылыми жарияланымдарының саны:	
	- шетелдік рейтингтік журналдарда (Томсон Рейтер (Web of Science, Thomson Reuters) немесе Scopus, Pubmed, zbMath, MathScinet, Agris, Georef, Astrophysical journal; Scopus, JSTORE деректер базасына енетін)	
3	- ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми базылымдарда	
	- монографиялар	
	- патенттер, алдын ала патенттер, инновациялық патенттер, авторлық қуәліктер	
	/оның ішінде 1 штаттық ОПҚ-га:	
	- шетелдік рейтингтік журналдарда (Томсон Рейтер (Web of Science, Thomson Reuters) немесе Scopus, Pubmed, zbMath, MathScinet, Agris, Georef, Astrophysical journal; Scopus, JSTORE деректер базасына енетін)	
4	- ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми базылымдарда	
	- монографиялар	

	- патенттер, алдын ала патенттер, инновациялық патенттер, авторлық күәліктер
IV	Корпоративтік әріптестік және халықаралық қызмет
1	Бірлескен (косдипломды) білім беру бағдарламаларының саны
2	Шетелдік ұйымдармен бірлескен зерттеу жобаларының саны
3	Академиялық алмасу бағдарламаларына соңғы 3 жылда қатысқан білім алушылардың саны

Жоғарыда көлтірілген ақпараттың шынайылығын растаймын.

Ұйымның басшысы _____

(қолы, Т. А. Ә.)

Толтырылған күні

М.О.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2019 жылғы 10 маусымдағы
№ 265 бұйрығына
3-қосымша

Еңбек нарығының
қажеттіліктерін ескере отырып,
техникалық және кәсіптік, орта
білімнен кейінгі, жоғары және
жоғары оқу орнынан кейінгі
білімі бар кадрлар даярлауға,
сондай-ақ жоғары және (немесе)
жоғары оқу орнынан кейінгі
білім беру ұйымдарында
дайындық белімдеріне, мектепке
дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға
мемлекеттік білім беру
тапсырысын орналастыру
қағидаларына
8-қосымша

_____ оку жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар
кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын
орналастыру ұсынысы

(жоғары оқу орнының атауы)

Жоғары білім бойынша

Коды	Топтың атауы	Гранттың жалпы саны	Күндізгі оқу нысаны
1	2	3	4

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бойынша

Коды	Білім беру бағдарламаларының атауы	орын саны
1	2	3

PhD философия докторларын мақсатты даярлау бойынша

Коды	Білім беру бағдарламалары тобының атауы	Даярлау жоспарланған ЖОО-ның атауы	орын саны
1	2	3	4

Ұйымның басшысы _____
(қолы, Т. А. Ә.)

Толтырылған күні

М.О.

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің

2019 жылғы 10 маусымдағы

№ 265 бұйрығына

4-қосымша

Енбек нарығының
кажеттіліктерін ескере отырып,
техникалық және кәсіптік, орта
білімнен кейінгі, жоғары және
жоғары оқу орнынан кейінгі
білімі бар кадрлар даярлауға,
сондай-ақ жоғары және (немесе)
жоғары оқу орнынан кейінгі

білім беру ұйымдарында
дайындық белемдеріне, мектепке
дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға
мемлекеттік білім беру
тапсырысын орналастыру
қағидаларына

9-қосымша

Ақпараттық карталар бойынша ЖОО ранжирлеу әдістемесі

№	ЖОО туралы жалпы мәліметтер	Шартты белгілер	Мәннің түрі
1	Халықаралық және (немесе) ұлттық институционалдық аккредиттеу (бар/жок)*	A ₁	бар/ жок
2	ЖОО-ның халықаралық рейтингі (орны, рейтингінің атауы)	A ₂	сан, бүтін, 0-1 000
3	Білім беру порталының болуы (бар/жок)	A ₃	бар/ жок
4	Оқу процесінде пайдаланылатын оқу-зертханалық базаның жаңартылуы, теңге/ келтірілген контингент	A ₄	сан

5	Зерттеу институттарының, ғылыми және мамандандырылған зертханалардың, бизнес-инкубаторлардың, технопарктердің саны	A ₅	сан, бүтін
6	Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық активтердің, оның ішінде университеттер үшін 3 және одан көп, академиялар үшін 1 және одан көп, институттар үшін 1 және одан көп ауданы санитарлық нормаларға сай оқу орынжайларымен ғимараттардың (оку корпустардың) болуы.	A ₆	сан, бүтін
7	Қолданыстағы жатақханаларда бар төсек-орынның саны	A ₇	сан, бүтін
I	Білім беру бағдарламаларының тобы бойынша жалпы мәліметтер		
1	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі даярлаудың бағыттары бойынша білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензияға косымша (бар/жок)	B ₁	бар/жок
2	Халықаралық және/немесе ұлттық мамандандырылған аккредиттеу (бар/жок)	B ₂	бар/жок
3	"Атамекен" ҮКП-ның білім беру бағдарламалары рейтингіне қатысуы	B ₃	орын
4	Бітірушілердің жұмысқа орналасуы, жұмысқа орналасқан бітірушілердің %-ы **	B ₄	%
5	Білім алушылар контингентінің болуы (бар/жок)	B ₅	бар/жок
6	Күндізгі бөлімде білім алушы студенттердің контингенті	B ₆	число, целое
II.	Кадрлық қамтылуы және педагог қызметкерлердің біліктілік деңгейі	C ₁	
	Штаттық оқытушылардың жалпы саны:	C _{1.1}	сан, бүтін
	ғылым докторлары	C _{1.1.1}	сан, бүтін
1.1	PhD докторлар	C _{1.1.2}	сан, бүтін
	ғылым кандидаттары	C _{1.1.3}	сан, бүтін
	магистрлер	C _{1.1.4}	сан, бүтін
	/оның ішінде мамандығы бойынша (саны)	C _{1.2}	сан, бүтін
	ғылым докторлары	C _{1.2.1}	сан, бүтін
1.2	PhD докторлар	C _{1.2.2}	сан, бүтін
	ғылым кандидаттары	C _{1.2.3}	сан, бүтін
	магистрлер	C _{1.2.4}	сан, бүтін
1.3	Ағылшын тілін игерген (денгейі 4,5 кем емес (IELTS)) бейіндік пәндер бойынша ОПК саны	C _{1.3.1}	число, целое
2	ЖОО-да академиялық кезеңнен кем емес мерзімде шарт бойынша жұмыс істейтін шетелдік оқытушылардың саны	C ₂	сан, бүтін

3	жалпы ЖОО бойынша ОПҚ дәрежелілік %-ы ***	C ₃	%
4	Білім беру бағдарламаларының тобы бойынша ОПҚ дәрежелілік %-ы ***	C ₄	%
III	ОПҚ ғылыми-зерттеу қызметі		
1	Гранттық және бағдарламалық-максатты қаржыландыру негізінде іргелі зерттеулер/ көлданбалы зерттеулер бойынша орындалатын ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар/ жобалар саны	C _{5.1}	сан, бүтін
2	ОПҚ орындаған ғылыми-зерттеу жұмыстарының жалпы көлемі (тенгемен)	C _{5.2.1}	сан
2.1	/ оның ішінде 1 штаттық ОПҚ-ға (тенгемен)	C _{5.2.2}	сан
3	ОПҚ ғылыми жарияланымдарының саны: - шетелдік рейтингтік журналдарда (Томсон Рейтер (Web of Science, Thomson Reuters) немесе Scopus, Pubmed, zbMath, MathScinet, Agris, Georef, Astrophysical journal; Scopus, JSTORE деректер базасына енетін) - ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда - монографиялар - патенттер, алдын ала патенттер, инновациялық патенттер, авторлық куәліктер	C _{6.3.1} C _{6.3.2} C _{6.3.3} C _{6.3.4}	сан, бүтін сан, бүтін сан, бүтін сан, бүтін
4	/оның ішінде 1 штаттық ОПҚ-ға: - шетелдік рейтингтік журналдарда (Томсон Рейтер (Web of Science, Thomson Reuters) немесе Scopus, Pubmed, zbMath, MathScinet, Agris, Georef, Astrophysical journal; Scopus, JSTORE деректер базасына енетін) - ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда - монографиялар - патенттер, алдын ала патенттер, инновациялық патенттер, авторлық куәліктер	C _{6.4.1} C _{6.4.2} C _{6.4.3} C _{6.4.4}	сан, бүтін сан, бүтін сан, бүтін сан, бүтін
IV	Корпоративтік әріптестік және халықаралық қызмет		
1	Бірлескен (коодипломды) білім беру бағдарламаларының саны	C _{7.1}	сан, бүтін
2	Шетелдік ұйымдармен бірлескен зерттеу жобаларының саны	C _{7.2}	сан, бүтін
3	Академиялық алмасу бағдарламаларына соңғы 3 жылда қатысқан білім алушылардың саны	C _{7.3}	сан, бүтін

Ескертпе:

* – егер ЖОО "жоқ" деп көрсетсе, онда конкурсқа қатысушылар қатарынан шығарылады;

** – жоғары оқу орнын бітірушілердің жұмысқа орналасу көрсеткішінің шекті мәнін Комиссия айқындайды;

*** – ұсынылған мәліметтерден есептеледі.

№ 265 бұйрығына

5-қосымша

Еңбек нарығының
қажеттіліктерін ескере отырып,
техникалық және кәсіптік, орта
білімнен кейінгі, жоғары және
жоғары оқу орнынан кейінгі
білімі бар кадрлар даярлауға,
сондай-ақ жоғары және (немесе)
жоғары оқу орнынан кейінгі
білім беру үйімдарында
дайындық бөлімдеріне, мектепке
дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға
мемлекеттік білім беру
тапсырысын орналастыру
қағидаларына

13-қосымша

Жоғары оқу орны өтінімінің нысаны (жоғары оқу орнының бланкісінде толтырылады)

Облыстын, республикалық
маңызы бар қаланың, астананың
жергілікті атқарушы органды

Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптарды және конкурсты өткізу
шарттарын зерделей отырып, _____

(жоғары оқу орнының атауы)

өтінімге кіретін құжаттарға, сондай-ақ конкурстың шарттары мен
талаптарына сәйкес _____

(білім беру бағдарламалары тобының коды, атауы)

білім беру бағдарламасының тобы бойынша тиісті облыс әкімдігі өткізетін
конкурсқа қатысады.

Қосымша: конкурсқа қатысу үшін құжаттар _____ бетте.

Ұйымның басшысы _____

(қолы, Т. А. Ә. (бар болғанда))

Толтырылған күні

М.О.